

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Жолдар»

Топтың аты: 4 жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама №73

Топтың аты: 4 жас тобы

Тексерілген күні: 11.05.2023

Әдістеме: «Жолдар»

Мақсаты: Түс, пішін, көлем, жауындықты анықтап, абстрактылау, заттарды аталған ерекшеліктері бойынша салыстыра білу қабілеттерін дамыту.

Материал: Логикалық блоктар, үш үйшік (үйшіктердің суреттер немесе макеттері не олардың шартты белгілері).

Мазмұны

I

Еденде бір-бірінен бір метр қашықтықта шеңбер бойында Наф-Наф, Ниф-Ниф және Нуф-Нуфтың үйлері, яғни үш үй орналасқан, осы үйлердің арасына торайларға бір-біріне қонаққа бару үшін ыңғайлы болатын жолдар салу керек, бірақ жолдарды қалай болса, солай емес, ережемен салу керек.

Бірінші жолды қалай салу керектігін ересек адам ұсынады. Мысалы, былайша, жолды салғанда оның жанында бір түсті фигуралар болмауы керек.

Балалар кезекпен блоктарды сала бастайды. Кімде кім қателікті байқаса, осы қате блокты өзіне алады. Осындай блокты көп жинаған бала құрылысты бірінші болып бастау құқығына ие болады. Ол қандай үйлердің арасына жол салынатынын таңдайды.

Әрбір жаңа жолды мүмкіндігінше жаңа ережемен салу керек. Жолдарды жанында бір түсті, не бір көлемді не бірдей жуандықты фигуралар қатар келмейтіндей етіп салу керек.

Балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін ересек адам ойын тапсырмасын ауыстырып отырады: өзеннен өтетін көпір салу, фигуралардан жаңа жылдық гирляндар жасау, блок-вагондардан поезд құрастыру сияқты т.б. (мектеп жасына дейінгі ересектер тобында балалар жолдарды салмай, оны қағаз беттерін түрлі-түсті етіп тізбектер, көпірлер салуларына болады).

II

Жолдарды салудың ережесі қиындай түседі. Балалар тапсырманы орындау барысында бірден екі ерекшелікке бейімделулері қажет: жолды салғанда жанында бір түсті фигуралар болмағандай, бірақ пішіндері әртүрлі фигуралар болғандай етіп салу керек (пішіндері біркелкі, түстері әртүрлі; көлемдері бірдей, ал пішіндері әртүрлі; пішіні мен түстері әртүрлі; түстері мен

көлемдері әртүрлі және т.б.). жолдарды салудың ережелерін ересектер ғана емес, балалардың өздері де ойлап құраулары керек.

III

Жол салудың ережелері одан сайын қиындай түседі: үш ерекшеліктерді ескеру қажет болады: жолды салғанда оның жанында фигуралар бір түсті бірақ пішіндері мен көлемдері әртүрлі болуы керек; пішіндері біркелкі, ал түстері мен көлемдері әртүрлі; түстері мен көлемдері бірдей, бірақ пішіндері әртүрлі; түсі, пішіні, көлемі әртүрлі және т.б.

Ересектер ереже құрудағы балалардың шығармашылықтары мен белсенділіктерін назардан тыс қалтырмайды, оларға ойынның жаңа тапсырмаларын ұсынып отырады.

Мектеп жасына дейінгі ересек топтар жолдарды не басқа да тапсырма бойынша берілгендерді салмай, дәптерлеріне суреттерін сала алады.

Қорытындысы:

4-5жас тобына «Жолдар»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Балалардың қабілеттері өте жақсы дамыған.

Зерттеуші:Педагог-психолог: Елшибекова.А.О

